

Жас ғалымдар кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспарына сәйкес, «Ғылыми мақала жазуда жасанды интеллектті қолданудың қажеттілігі» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің есебі:

Өткізілген күні: 10 сәуір 2026 жыл

Өткізілген орны: Халықаралық туризм және меймандостық университеті, ФОК 202-аудитория.

Іс-шара ұйымдастырушы: аға оқытушы, Омаров Нурлан Болатович.

2026 жылдың сәуір айында «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің ұйымдастыруымен жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған семинар өткізілді. Семинардың негізгі тақырыбы – **Ғылыми зерттеулерінде жасанды интеллект қолдану тәжірбиелерін баяндама жасады.**




Жас ғалымдар дене шынықтыру және спорт мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Ғылыми мақала жазуда жасанды интеллектті қолданудың қажеттілігі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу барысында заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану жолдарын талқылау болды.



Семинар барысында Б.Ө.Ермаханов, М.Толибов, Т.Нышанұлы атты ғалымдар қатысып, өз баяндамаларын ұсынды. Баяндамаларда жасанды интеллекттің ғылыми мәтін дайындаудағы мүмкіндіктері, деректерді талдау, мәтінді құрылымдау, тілдік сауаттылықты арттырудағы рөлі және уақытты үнемдеу тұрғысынан тиімділігі кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар, жасанды интеллектіні қолдану кезінде академиялық адалдықты сақтау, дереккөздерді дұрыс пайдалану және авторлық жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аударылды.





Іс-шара барысында қатысушылар арасында ашық пікірталас ұйымдастырылып, жас ғалымдар өз тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар жасанды интеллект құралдарын ғылыми мақала жазуда көмекші құрал ретінде пайдалану ғылыми жұмыстың сапасын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.



Семинар қорытындысы бойынша ғылыми қызметте жасанды интеллектіні тиімді әрі этикалық тұрғыда қолдану қажеттілігі жөнінде қорытынды жасалып, болашақта осы бағыттағы тәжірибелік семинарлар мен оқыту шараларын ұйымдастыру ұсынылды. Сонымен қатар семинар соңында ғылыми тәжірибесімен бөліскен жас ғалымдар алғыс хаттармен марапатталып, сый-сыйапат берілді.

Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы

Н.Н. Пошанов

Есепті дайындаған

Н.Б. Омаров